

БЕКІТЕМІН
«Медициналық технологиялар және
ақпараттық жүйелер орталығы»
акционерлік қоғамының
Президенті
Е.Н. Дәуенов
_____ **2026 жыл**



АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ

Осы жария оферта шарты (бұдан әрі – **Шарт**) Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының **«Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамының** (бұдан әрі – **Орындаушы**) **CmtisEdu** білім беру платформасы (бұдан әрі – **Портал**) арқылы ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасуға арналған ресми ұсынысы болып табылады.

Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – **ҚР АҚ**), Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III **«Білім туралы»** Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалмаған тұлғалар тобына арналған жария оферта болып табылады. Офертаны алушы осы Шартта көзделген әрекеттерді жасау арқылы ақылы білім беру қызметтерін алуға келісе отырып, осы Шарттың талаптарын толық әрі сөзсіз қабылдаған (акцепт жасаған) және Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтердің ақысын төлеу жөніндегі міндеттемені орындауға келісім берген болып есептеледі.

ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР МЕН ТЕРМИНДЕР

Оферта/Шарт – Порталда жарияланған немесе Офертаны алушыға жолданған ақылы білім беру қызметтерін онлайн көрсетуге арналған осы жария оферта шарты.

Орындаушы – **«Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» АҚ**, БСН 120940001946.

Портал – Интернет желісінде <https://cmtisedu.kz> мекенжайында орналастырылған, қашықтан оқытуды ұйымдастыруға, тестілеуден өтуге, білім беру бағдарламаларын басқаруға және пайдаланушыларға өзге де сервистерді ұсынуға арналған **CmtisEdu** білім беру платформасы.

Тапсырыс беруші – осы Шарттың Акцептін жасаған заңды немесе жеке тұлға.

Офертаны алушы – Қызметтерді алу мақсатында Орындаушыға (тікелей және (немесе) телефон байланысы арқылы және (немесе) Портал арқылы) жүгінген және Офертаны алған заңды немесе жеке тұлға.

Білім алушы – Орындаушыдан тікелей білім беру қызметтерін алатын жеке тұлға.

Қызметтер – Шарттың талаптарына және Тапсырыс беруші таңдаған және (немесе) Орындаушы ұсынған оқу бағдарламасына сәйкес Орындаушы көрсететін білім беру қызметтері.

Акцепт – Офертаны алушының білім беру қызметтерін алу туралы ұсынысты қабылдау мақсатында Шартта көзделген кез келген әрекетті жасауы, ол Шарттың барлық талаптарын толық және сөзсіз қабылдауын, сондай-ақ Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтердің ақысын төлеу міндеттемесіне келісімін білдіреді.

Оқу бағдарламасы – Тапсырыс беруші таңдаған және (немесе) Орындаушы ұсынған оқу курсы.

Қашықтан оқыту – Портал арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып ұйымдастырылатын білім беру процесінің нысаны.

Тараптар – Шарттың тараптары болып бірлесіп Орындаушы, сондай-ақ Тапсырыс беруші және Білім алушы (егер Білім алушы Тапсырыс берушінің өзі болмаса) табылады.

Дербес деректер – Шартпен реттелетін, белгілі бір жеке немесе заңды тұлғаға қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер.

Дербес деректерді жинау – Дербес деректерді алуға бағытталған әрекеттер.

Оқу мерзімі – Тапсырыс беруші білім беру материалдарымен танысып, оқудан сәтті өткені туралы сертификат алу үшін барлық өзіндік жұмыстарды орындауға тиіс уақыт кезеңі.

Қызметтердің құны – Орындаушының Порталда жариялаған нақты бір Оқу бағдарламасы бойынша білім беру қызметтерінің құны.

Cookie – пайдаланушының браузері оның құрылғысында сақтайтын және Порталдың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету, пайдаланушыны аутентификациялау, пайдаланушы параметрлерін сақтау және көрсетілетін сервистердің сапасын арттыру мақсатында пайдаланылатын шағын мәтіндік файл.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Орындаушы Портал арқылы білім беру қызметтерін көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген қызметтерді (бұдан әрі – **Қызметтер**) қабылдауға және олардың ақысын төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметтер Орындаушы әзірлеген курс бағдарламасына және Орындаушы ұсынатын оқу материалдарына сәйкес көрсетіледі.

1.3. Жария оферта шарты ресми құжат болып табылады және <https://cmtisedu.kz/> мекенжайындағы Порталда жарияланады.

1.4. Оқудың басталу және аяқталу күні, білім беру қызметтерінің көлемі, саны мен ұзақтығы, сондай-ақ оларды көрсетуге қатысты өзге де талаптар Порталда жарияланады. Білім беру қызметтерін көрсету мерзімдері мен тәртібіне енгізілетін өзгерістер, толықтырулар және түзетулер Орындаушы тарапынан Тапсырыс берушіге телефон қоңырауы арқылы, Тапсырыс беруші тіркелу немесе Шарт жасасу кезінде көрсеткен электрондық пошта мекенжайына хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ Тапсырыс берушінің байланыс телефонына **WhatsApp** немесе **Telegram** мессенджерлері арқылы жеткізілуі мүмкін. Тапсырыс беруші Орындаушы көрсетілген байланыс арналары арқылы жіберетін хабарламалардың келіп түсуін өз бетінше және уақтылы тексеруге міндетті.

2. АКЦЕПТ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

2.1. Орындаушының ұсынысы Тапсырыс беруші осы жария оферта шартының талаптары мен тәртібіне сәйкес төлем жасаған сәттен бастап қабылданған және мақұлданған болып есептеледі.

3. ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАСЫНА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК БЕРУ ТӘРТІБІ

3.1. Білім беру қызметтерін алу үшін Тапсырыс беруші Порталда есептік жазба жасау арқылы тіркеуден өтеді немесе осы Шартта көзделген жағдайларда есептік жазбаны жасау үшін қажетті мәліметтерді Орындаушыға ұсынады.

3.2. Тіркелу, есептік жазбаны пайдалану, Пайдаланушыны аутентификациялау тәртібі, есептік жазба деректерінің сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, Порталды пайдалану қағидалары, Пайдаланушының құқықтары мен міндеттері осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Пайдаланушы келісімімен реттеледі.

3.3. Тапсырыс берушіге (Білім алушыға) білім беру платформасына және таңдалған білім беру бағдарламасына қолжетімділік берудің негізі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын **Банк картасымен төлеу кезінде білім беру қызметтеріне ақы төлеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібіне** сәйкес төлем операциясының сәтті жүргізілгені туралы растауды Орындаушының алуы болып табылады.

3.4. Төлем операциясының сәтті жүргізілгені туралы растауды алғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге (Білім алушыға) Жеке кабинет арқылы білім беру платформасына және таңдалған білім беру бағдарламасына қолжетімділік береді.

3.5. Техникалық ақаулар болмаған жағдайда білім беру платформасына және білім беру бағдарламасына қолжетімділік Орындаушы төлем операциясының сәтті жүргізілгені туралы растауды алған сәттен бастап 30 (отыз) минуттан кешіктірілмей беріледі.

3.6. Техникалық ақаулар туындаған, жоспарлы жұмыстар жүргізілген немесе қолжетімділікті автоматты түрде беруге кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болған жағдайда Орындаушы кідірістің себептерін жою жөнінде шаралар қабылдайды және Тапсырыс берушінің өтінішін алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей қолжетімділік береді.

3.7. Осы Шартта белгіленген мерзімдерде білім беру платформасына немесе білім беру бағдарламасына қолжетімділік берілмеген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушының техникалық қолдау қызметіне жүгінуге құқылы. Орындаушы өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды және қолжетімділікті қалпына келтіру үшін қажетті шараларды қабылдайды немесе оны берудің мүмкін еместігінің себептері туралы Тапсырыс берушіні хабардар етеді.

3.8. Білім беру платформасына қолжетімділік осы Шартта, Пайдаланушы келісімінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда шектелуі, тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін.

3.9. Оқу мерзімі аяқталғаннан кейін білім беру материалдарына қолжетімділік Порталда орналастырылған тиісті білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес сақталады немесе тоқтатылады.

3.10. Корпоративтік оқытуды ұйымдастыру кезінде білім алушылардың есептік жазбалары Тапсырыс беруші ұсынған мәліметтердің негізінде Орындаушы тарапынан жасалуы мүмкін. Тапсырыс беруші білім алушылардың дербес деректерін Орындаушыға беру үшін заңды негіздердің болуына кепілдік береді және ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапты болады.

4. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

4.1. Білім беру қызметтері Орындаушы тарапынан таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес Портал арқылы күндізгі, қашықтан немесе аралас оқу нысанында көрсетіледі.

4.2. Осы Шарттың талаптары орындалғаннан және төлемнің сәтті жүргізілгені расталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге (Білім алушыға) осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын **Білім беру қызметтеріне ақы төлеу, білім беру бағдарламаларына қолжетімділік беру және банк картасымен төлеу кезінде ақшалай қаражатты қайтару тәртібінде** белгіленген тәртіппен және мерзімдерде білім беру бағдарламасына қолжетімділік береді.

4.3. Білім беру қызметтері мыналарды қамтуы мүмкін:

- электрондық оқу материалдарын зерделеу;
- бейнедәрістерді қарау;
- практикалық тапсырмаларды орындау;
- аралық және қорытынды тестілеуден өту;
- оқу бағдарламасында көзделген өзге де іс-шараларды орындау.

4.4. Білім беру бағдарламасының құрамы, мазмұны, ұзақтығы, меңгеру мерзімдері, сондай-ақ сабақтарды өткізу нысаны Порталда орналастырылған тиісті оқу бағдарламасымен айқындалады.

4.5. Орындаушы енгізілетін өзгерістер көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын төмендетпеген жағдайда білім беру бағдарламасына, сабақ кестесіне, оқытушылар құрамына, оқу материалдарына және әдістемелік сүйемелдеуге өзгерістер енгізуге құқылы.

4.6. Оқу материалдары Тапсырыс берушіге (Білім алушыға) тек білім беру бағдарламасын меңгеру мақсатында жеке пайдалануға беріледі және Орындаушының жазбаша келісімінсіз коммерциялық мақсаттарда пайдаланылмайды немесе үшінші тұлғаларға берілмейді.

4.7. Оқу мерзімі ішінде Тапсырыс беруші (Білім алушы) оқу процесін өз бетінше ұйымдастырады, оқу материалдарын уақтылы зерделейді, бағдарламада көзделген тапсырмаларды орындайды және бақылау іс-шараларынан өтеді.

4.8. Білім беру қызметтері Тапсырыс берушіге білім беру бағдарламасына қолжетімділік берілген және Орындаушы тандаған оқу бағдарламасына сәйкес білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі міндеттемелерін орындаған сәттен бастап тиісінше көрсетілген болып есептеледі.

4.9. Тапсырыс берушінің (Білім алушының) Орындаушыға байланысты емес себептер бойынша жекелеген сабақтарға, тестілеулерге немесе білім беру бағдарламасының өзге де іс-шараларына қатыспауы, егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, оқу мерзімін ұзартуға, қызметтердің құнын өзгертуге немесе ақшалай қаражатты қайтаруға негіз болып табылмайды.

4.10. Білім беру бағдарламасын табысты меңгерген және оқу бағдарламасында көзделген барлық талаптарды орындаған жағдайда Орындаушы Білім алушыға электрондық сертификатты немесе, егер тиісті бағдарламада осындай құжатты беру көзделсе, оқудан өткенін растайтын өзге де құжатты қалыптастырады және ұсынады.

4.11. Білім беру бағдарламасында көзделген жағдайларда қорытынды аттестаттау тестілеу, практикалық тапсырманы орындау, қорытынды жұмысты орындау немесе білімді бағалаудың өзге де нысаны түрінде өткізіледі.

5. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРУ

5.1. Ақшалай қаражатты қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта және **Банк картасымен төлеу кезінде білім беру қызметтеріне ақы төлеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібінде** көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

5.2. Қайтаруға арналған өтінішті беру негіздері мен тәртібі, өтінішті қарау мерзімдері, ақшалай қаражатты аудару мерзімдері, қажетті құжаттардың тізбесі және қайтарудың өзге де шарттары **Банк картасымен төлеу кезінде білім беру қызметтеріне ақы төлеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібімен** айкындалады.

5.3. Ақшалай қаражат осы Шартта және Банк картасымен төлеу кезінде білім беру қызметтеріне ақы төлеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібінде көзделген жағдайларда қайтарылмайды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Орындаушының құқықтары:

6.1.1. Білім беру процесін дербес ұйымдастыруға, білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқу нысандарын, сабақ кестесін, тестілеуді, қорытынды аттестаттауды және білім беру бағдарламасында көзделген өзге де іс-шараларды өткізу тәртібін айқындауға.

6.1.2. Білім беру қызметтерін көрсету үшін Тапсырыс берушімен қосымша келісусіз оқытушыларды, сарапшыларды, консультанттарды және өзге де мамандарды тартуға.

6.1.3. Көрсетілетін білім беру қызметтерінің көлемі мен сапасын сақтай отырып, сабақ кестесін, жекелеген тақырыптардың мазмұнын, оқу материалдарын, әдістемелік қамтамасыз етуді, оқытушылар құрамын және білім беру бағдарламасының өзге де элементтерін өзгертуге.

6.1.4. Профилактикалық, техникалық, жаңғырту немесе авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін білім беру платформасына қолжетімділікті толық немесе ішінара тоқтата тұруға.

6.1.5. Осы Шартта, Пайдаланушы келісімінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Тапсырыс берушінің (Білім алушының) білім беру платформасына қолжетімділігін шектеуге, тоқтата тұруға немесе тоқтатуға.

6.1.6. Осы Шартты жасасу және орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Тапсырыс берушіден сұратуға.

6.1.7. Білім беру процесін жетілдіру және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында Порталды пайдалану туралы иесіздендірілген статистикалық деректерді пайдалануға.

6.2. Орындаушы міндетті:

6.2.1. Таңдалған білім беру бағдарламасында көзделген көлемде және сапада білім беру қызметтерін көрсетуге.

6.2.2. Осы Шартта және **Білім беру қызметтеріне ақы төлеу тәртібінде** көзделген тәртіппен және мерзімдерде Тапсырыс берушіге (Білім алушыға) Порталға және білім беру бағдарламасына қолжетімділік беруге.

6.2.3. Жоспарлы техникалық жұмыстарды жүргізу, авариялар немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары кезеңдерін қоспағанда, білім беру платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге.

6.2.4. Техникалық жұмыстарды жүргізу, ақауларды жою немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары кезеңдерін қоспағанда, білім беру қызметтерін көрсету үшін қажетті көлемде білім беру платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге.

6.2.5. Пайдаланушыларға білім беру платформасын пайдалану мәселелері бойынша, оның ішінде төлем жасау және ақшалай қаражатты қайтару мәселелері бойынша консультациялық және техникалық қолдау көрсетуге.

6.2.6. Оқудан өту есебін, тестілеу нәтижелерін және қорытынды аттестаттау нәтижелерін жүргізуге.

6.2.7. Оқу сәтті аяқталған жағдайда, егер оны беру тиісті білім беру бағдарламасында көзделсе, электрондық сертификатты немесе оқудан өткенін растайтын өзге де құжатты қалыптастырып, ұсынуға.

6.3. Тапсырыс берушінің құқықтары:

6.3.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес білім беру қызметтерін алуға.

6.3.2. Білім беру бағдарламасының мазмұны, оқу мерзімдері, қорытынды аттестаттаудан өту тәртібі және сертификаттарды беру туралы ақпарат алуға.

6.3.3. Оқуды ұйымдастыруға, техникалық қолдауға және Порталдың жұмыс істеуіне байланысты мәселелер бойынша Орындаушыға жүгінуге.

6.3.4. Оқу нәтижелері және тестілеуден өту нәтижелері туралы ақпарат алуға.

6.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға.

6.3.6. Осы Шартта және **Банк картасымен төлеу кезінде білім беру қызметтеріне ақы төлеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібінде** көзделген жағдайларда және тәртіппен ақшалай қаражатты қайтару туралы өтінішпен жүгінуге.

6.4. Тапсырыс беруші міндетті:

6.4.1. Білім беру қызметтерінің ақысын уақтылы төлеуге.

6.4.2. Тіркелу және оқуды ұйымдастыру үшін қажетті дұрыс мәліметтерді ұсынуға.

6.4.3. Осы Шарттың, Пайдаланушы келісімінің және білім беру платформасын пайдалануды реттейтін өзге де құжаттардың талаптарын сақтауға.

6.4.4. Порталды пайдалану үшін қажетті техникалық құралдардың және Интернет желісіне қолжетімділіктің болуын өз бетінше қамтамасыз етуге.

6.4.5. Пайдаланушы келісімінің талаптарын, оның ішінде білім беру платформасын пайдалану қағидаларын, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын, білім беру материалдарын пайдалануға қойылатын шектеулерді және Порталды пайдаланудың өзге де талаптарын сақтауға.

7. ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

7.1. Білім беру қызметтерінің құнын Орындаушы тиісті білім беру бағдарламалары бойынша бекітілген бағаларға сәйкес айқындайды және Порталда орналастырады немесе осы Шарт жасалғанға дейін өзге тәсілмен Тапсырыс берушінің назарына жеткізеді.

7.2. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу тәртібі, төлем тәсілдері, төлемді растау, ақшалай қаражатты қайтару тәртібі, өтініштерді қарау мерзімдері және Тараптар арасындағы есеп айырысуларға байланысты өзге де мәселелер **Банк картасымен төлеу кезінде білім беру қызметтеріне ақы төлеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібімен** айқындалады.

7.3. Егер тиісті білім беру қызметін көрсету талаптарында өзгеше белгіленбесе, Орындаушының есеп айырысу шотына таңдалған білім беру бағдарламасында көзделген мөлшерде ақшалай қаражаттың түсуі осы Шарттың Акцепті болып есептеледі.

7.4. Тапсырыс берушінің төлем жасау жөніндегі міндеттемесі ақшалай қаражат Орындаушының банктік шотына түскен сәттен бастап орындалған болып есептеледі.

7.5. Егер білім беру бағдарламасының құны жарияланған кезде өзгеше көрсетілмесе, білім беру қызметтерінің құны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен міндетті төлемдерді қамтиды.

7.6. Орындаушы білім беру бағдарламаларының құнын олар үшін ақы төленгенге дейін өзгертуге құқылы. Осы Шарттың Акцепті жасалғаннан кейін төленген білім беру бағдарламасының құны Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Тараптардың келісімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзгертілмейді.

7.7. Төлем мерзімі кешіктірілген немесе толық көлемде төленбеген жағдайда Орындаушы білім беру бағдарламасына қолжетімділік бермеуге не Тапсырыс беруші төлем жөніндегі міндеттемелерін толық орындағанға дейін білім беру қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

8. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ

8.1. Тараптар Портал, электрондық пошта немесе Орындаушы пайдаланатын өзге де электрондық байланыс құралдары арқылы жіберілетін электрондық құжаттардың, хабарламалардың және мәлімдемелердің заңды күшін таниды.

8.2. Пайдаланушының жеке кабинеті, электрондық пошта мекенжайы немесе Тапсырыс беруші тіркелу кезінде көрсеткен өзге де байланыс арналары арқылы жіберілген хабарламалар Орындаушы оларды жіберген сәттен бастап алынған болып есептеледі.

8.3. Портал арқылы қалыптастырылған электрондық сертификаттар, анықтамалар, хабарламалар және өзге де құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орындаушының ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен заңды күшке ие болады.

8.4. Тапсырыс беруші білім беру қызметтерін көрсетуге байланысты хабарламаларды алу үшін тіркелу кезінде көрсетілген жеке кабинетін және электрондық пошта мекенжайын уақтылы тексеруге міндеттенеді.

9. ЗИЯТКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

9.1. Порталда орналастырылған зияткерлік қызметтің барлық нәтижелері, оның ішінде білім беру бағдарламалары, оқу курстары, дәрістер, бейнематериалдар, презентациялар, әдістемелік материалдар, тест тапсырмалары, графикалық кескіндер, деректер базалары, бағдарламалық қамтамасыз ету, дизайн элементтері, мәтіндік материалдар, тауар белгілері, логотиптер және өзге де объектілер Орындаушының зияткерлік меншік объектілері болып табылады немесе Орындаушы оларды заңды негіздерде пайдаланады.

9.2. Тапсырыс берушіге (Білім алушыға) білім беру платформасына және оқу материалдарына қолжетімділік беру зияткерлік қызмет нәтижелеріне

айрықша құқықтардың берілуіне әкеп соқпайды және оларды тек тиісті білім беру бағдарламасынан өту үшін қажетті көлемде пайдалану құқығын береді.

9.3. Оқу материалдарын пайдалану тәртібі, оларды пайдалануға қойылатын шектеулер, көшіруге, таратуға, жазып алуға, қайта өңдеуге, үшінші тұлғаларға беруге тыйым салулар, сондай-ақ зияткерлік қызмет нәтижелерін қорғауға байланысты өзге де талаптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Пайдаланушы келісімімен айқындалады.

9.4. Тапсырыс берушінің осы бөлімде және Пайдаланушы келісімінде көзделген талаптарды бұзуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады және Орындаушыға осы Шартта және Пайдаланушы келісімінде көзделген шараларды қолдану құқығын береді.

9.5. Білім беру қызметтерін көрсету процесінде Орындаушы жасаған зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Тараптардың жеке жазбаша келісімінде өзгеше көзделмесе, Орындаушыға тиесілі болады.

10. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

10.1. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны осы Шартта белгіленген тәртіппен акцептеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өздеріне қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

10.2. Осы Шарттың Акцепті болып Тапсырыс берушінің осы Шарттың талаптарын қабылдағанын куәландыратын әрекеттерді жасауы, оның ішінде білім беру қызметтерінің ақысын төлеуі немесе осы Шартта тікелей көзделген өзге де әрекеттерді жасауы танылады.

10.3. Орындаушының міндеттемелері тиісті білім беру бағдарламасында көзделген көлемде білім беру қызметтері көрсетілгеннен кейін, сондай-ақ осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелер орындалғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

10.4. Тапсырыс берушінің міндеттемелері білім беру қызметтерінің құны толық төленгеннен және осы Шартта көзделген өзге де міндеттері орындалғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

10.5. Осы Шарттың қолданылуының тоқтатылуы Тараптарды оның қолданылу кезеңінде туындаған міндеттемелерді орындаудан, оның ішінде қызметтердің ақысын төлеуге, құпиялылықты сақтауға, дербес деректерді қорғауға, зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды сақтауға және жіберілген бұзушылықтар үшін жауаптылыққа байланысты міндеттемелерден босатпайды.

10.6. Орындаушы мынадай жағдайларда осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

- Тапсырыс берушінің осы Шарттың талаптарын бұзуы;
- есептік жазбаны үшінші тұлғаларға беруі;
- Орындаушының айрықша құқықтарын бұзуы;
- Порталды құқыққа қайшы мақсаттарда пайдалануы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

10.7. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

11. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ

11.1. Орындаушы Тапсырыс берушінің (Білім алушының) дербес деректерін жинауды, өңдеуді, сақтауды, пайдалануды, беруді және қорғауды Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ «Киберқауіпсіздік туралы» Заңына, сондай-ақ Порталда орналастырылған Құпиялылық саясатына сәйкес жүзеге асырады.

11.2. Осы Шартты жасасу арқылы Тапсырыс беруші осы Шартты орындау және білім беру қызметтерін көрсету үшін қажетті көлемде өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімін растайды.

11.3. Дербес деректерді өңдеу тек мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

- пайдаланушыларды білім беру платформасында тіркеу;
- білім беру бағдарламаларына қолжетімділік беру;
- пайдаланушыларды сәйкестендіру;
- білім беру процесін ұйымдастыру;
- тестілеуді және қорытынды аттестаттауды өткізу;
- сертификаттарды қалыптастыру және беру;
- ақпараттық хабарламаларды жіберу;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау;
- білім беру платформасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- білім беру қызметтерінің сапасын және білім беру платформасының жұмыс істеуін жақсарту.

11.4. Орындаушы дербес деректердің мынадай санаттарын өңдеуге құқылы:

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- электрондық пошта мекенжайы;
- телефон нөмірі;
- жұмыс орны және атқаратын лауазымы (қажет болған жағдайда);
- оқудан өту туралы мәліметтер;
- тестілеу және қорытынды аттестаттау нәтижелері;
- білім беру платформасын пайдалану туралы мәліметтер;
- білім беру қызметтерін көрсету үшін қажетті өзге де деректер.

11.5. Орындаушы дербес деректерді заңсыз қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан және өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

11.6. Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру тек Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта көзделген жағдайларда немесе дербес деректер субъектісінің келісімі болған кезде ғана жол беріледі.

11.7. Корпоративтік оқыту ұйымдастырылған жағдайда Тапсырыс беруші оқуға жіберілетін қызметкерлердің (білім алушылардың) дербес деректерін Орындаушыға беру үшін заңды негіздердің болуына кепілдік береді.

11.8. Дербес деректер оларды өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзім ішінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде сақталады.

11.9. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орындаушының Құпиялылық саясатында белгіленген тәртіппен дербес деректер субъектісінің құқықтарын жүзеге асыруға құқылы.

11.10. Cookie файлдарын, оқиғалар журналдарын, техникалық акпаратты өңдеу тәртібі, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге байланысты өзге де мәселелер Порталда орналастырылған Құпиялылық саясатымен реттеледі.

11.11. Пайдаланушылардың оқудан өтуі, тестілеу нәтижелері, қорытынды аттестаттау, берілген сертификаттар және өзге де білім беру жетістіктері туралы мәліметтер Порталда оқу аяқталған сәттен бастап 3 (үш) жыл бойы сақталады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін аталған мәліметтерге білім беру платформасы арқылы қолжетімділік тоқтатылуы мүмкін, бұл ретте оларды Орындаушының мұрағатында одан әрі сақтау Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орындаушының ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

12. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

12.1. Тараптар осы Шартты жасасу және орындау барысында алынған акпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай акпаратты ашу міндетті болып табылатын жағдайларды қоспағанда.

12.2. Жалпыға қолжетімді болып табылмайтын мынадай мәліметтер құпия акпаратқа жатады:

- білім беру процесін ұйымдастыру туралы мәліметтер;
- оқу және әдістемелік материалдар;
- білім беру платформасының бағдарламалық қамтамасыз етілуі;
- акпараттық жүйенің техникалық шешімдері мен архитектурасы;
- білім алушылардың тестілеу және қорытынды аттестаттау нәтижелері;
- коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Орындаушының ішкі құжаттарына сәйкес қолжетімділігі шектелген өзге де акпарат.

12.3. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз құпия акпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді.

12.4. Орындаушы құпия акпаратты заңсыз қол жеткізудің, өзгертудің, жоюдың, көшірудің немесе таратудың алдын алуға бағытталған

ұйымдастырушылық және техникалық шаралар арқылы оның қорғалуын қамтамасыз етеді.

12.5. Тапсырыс беруші алынған құпия ақпаратты осы Шартты орындауға байланысты емес мақсаттарда пайдаланбауға, сондай-ақ оның жария етілуіне әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасамауға міндеттенеді.

12.6. Құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттемелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде де, ол тоқтатылғаннан кейін де өз күшін сақтайды.

12.7. Мынадай жағдайларда ақпаратты жария ету құпиялылық режимін бұзу болып есептелмейді:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда соттың немесе өзге де мемлекеттік органдардың талабы бойынша;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында;
- егер тиісті ақпарат оны алған Тараптың кінәсінен емес, жалпыға қолжетімді болған жағдайда.

13. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛГІ

13.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

13.2. Орындаушы білім беру қызметтерін көрсету мүмкін болмаған жағдайда, егер мұндай мүмкіндіксіздік мынадай себептердің салдарынан туындаса, жауапты болмайды:

- Тапсырыс берушінің Интернет желісіне қолжетімділігінің болмауы;
- Тапсырыс берушінің жабдығының немесе бағдарламалық қамтамасыз етуінің ақаулығы;
- байланыс операторларының, интернет-қызметтерді жеткізушілердің немесе өзге де үшінші тұлғалардың әрекеттері;
- еңсерілмейтін күш мән-жайлары;
- Орындаушыға байланысты емес өзге де мән-жайлар.

13.3. Орындаушы осы Шартты орындау үшін қажетті дұрыс емес, толық емес немесе уақтылы жаңартылмаған мәліметтерді Тапсырыс беруші ұсынуының салдары үшін жауапты болмайды.

13.4. Тапсырыс беруші білім беру платформасын пайдалану кезінде осы Шарттың, Пайдаланушы келісімінің талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады.

13.5. Орындаушының немесе өзге де құқық иеленушілердің зияткерлік меншік құқықтарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

13.6. Орындаушының кінәсі дәлелденген жағдайда оның жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін шектерде нақты келтірілген залалды өтеумен шектеледі. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Орындаушы Тапсырыс берушінің жіберіп алған пайдасы үшін жауапты болмайды.

14. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ

14.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамау осы Шарт жасалғаннан кейін туындаған, Тараптар алдын ала болжай алмаған немесе ақылға қонымды шаралармен алдын ала алмайтын еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажордың) салдарынан болса, Тараптар мұндай орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

14.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына осы жағдайларда төтенше және алдын алуға болмайтын оқиғалар жатады, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

- табиғи апаттар;
- өрттер;
- су тасқындары;
- жер сілкіністері;
- эпидемиялар мен пандемиялар;
- әскери іс-қимылдар;
- террористік актілер;
- жаппай тәртіпсіздіктер;
- ереуілдер;
- төтенше немесе соғыс жағдайының енгізілуі;
- міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың шешімдері;
- байланыс және энергиямен жабдықтау объектілеріндегі авариялар;
- телекоммуникациялық желілер мен деректерді өңдеу орталықтарындағы ауқымды іркілістер;
- Тараптардың еркінен тыс өзге де мән-жайлар.

14.3. Міндеттемелерді орындау мүмкіндігі еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан туындамаған Тарап бұл туралы екінші Тарапты ақылға қонымды мерзімде хабардар етуге және мүмкіндігінше олардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

14.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары қолданылған кезеңде осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осындай мән-жайлардың қолданылу мерзіміне және олардың салдарын жою үшін қажетті уақытқа тоқтатыла тұрады.

14.5. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары қатарынан 60 (алпыс) күнтізбелік күннен астам уақытқа созылып, осы Шартты одан әрі орындауға кедергі келтірсе, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа келтірілуі мүмкін залалды өтеместен осы Шартты одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

15. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

15.1. Осы Шартты жасасуға, орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу және жазбаша өтініштермен алмасу арқылы шешіледі.

15.2. Сотқа жүгінгенге дейін мүдделі Тарап екінші Тарапқа қойылатын талаптардың мәні баяндалған және мәлімделген талаптарды растайтын құжаттар қоса берілген жазбаша талап-арызды (претензияны) жолдайды.

15.3. Претензияны алған Тарап оны қарайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде жазбаша жауап жібереді.

15.4. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, егер Қазақстан Республикасы заңнамасының императивтік нормаларында өзгеше көзделмесе, дау Орындаушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралуға жатады.

16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жария оферта болып табылады. Офертаның акцепті осы Шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

16.2. Осы Шарттың Акцепті Тапсырыс берушінің оның барлық талаптарын ешқандай ерекшеліктерсіз және ескертулерсіз толық әрі сөзсіз қабылдағанын білдіреді.

16.3. Орындаушы осы Шартқа біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Егер Шарттың тиісті редакциясында өзгерістердің күшіне енуінің өзге мерзімі көрсетілмесе, Шарттың жаңа редакциясы Порталда орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

16.4. Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарындағы өзгерістерді өз бетінше қадағалауға міндеттенеді. Өзгерістер күшіне енгеннен кейін білім беру платформасын пайдалануды жалғастыру Тапсырыс берушінің Шарттың жаңа редакциясымен келісетінін білдіреді.

16.5. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

16.6. Егер осы Шарттың жекелеген ережелері жарамсыз немесе орындалмайтын деп танылса, бұл Шарттың қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды және олар толық көлемде қолданысын жалғастырады.

16.7. Порталда орналастырылған осы Шарттың электрондық нұсқасы құжаттың ресми редакциясы болып табылады.

16.8. Осы Шарттың ажырамас бөліктері болып мыналар табылады:

- Пайдаланушы келісімі;
- Құпиялылық саясаты;
- Порталда орналастырылған білім беру бағдарламалары;
- егер оларда осы Шарттың бір бөлігі болып табылатыны тікелей көрсетілсе, Орындаушы Порталда орналастырған өзге де құжаттар.

17. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

17.1. Байланыс ақпараты:

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамы

Заңды мекенжайы: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 63

БСН: 120940001946

Телефон: 75-37-04, 75-37-03, 75-37-13

E-mail: cmtis@cmtis.udp-rk.kz

Ресми сайт: <https://cmtisedu.kz>